

15 Auezov M. Povesti i rasskazy. Perevod s Kazahskogo yazyka. [Novels and short stories. Translation from the Kazakh language] (Almaty, 1984).

Received: 12.06.2024

МҒТАР 16.01.09

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp127-137](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp127-137)

Г.О. Сыздықова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ХОТОН ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ КЕЙБІР ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Тіл тарихын зерттеу мәселесі ғылымның даму барысында өзінің өзектілігін жоймайды. Бұл бағытта хотон тіліндегі грамматикалық қосымшаларды шығу, даму тарихы тұрғысынан зерттеудің де маңызы бар. Мақалада етістіктің есімше, көсемше және рай жұрнақтарының хотон тіліндегі сипаты мен қолданысы қарастырылады. Зерттеу нысанына алынған хотон тіліндегі аталған грамматикалық қосымшалардың қалыптасуы мен дамуы туралы теориялық негізге А.Н. Самойлович, Э. Тенишев, Н.А. Баскаков, С.Е. Малов, Х. Отгон, Г.Д. Санжеев, А.Д. Донгак, М.Томанов, А.Ысқақов және т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары алынды. Ал талдау деректеріне Г.Н. Потанин мен Б.Я. Владимирцовтың еңбектерінде берілген сөздіктерден жинақталған тілдік материалдар негіз болды.

Шағын хотон этносы тіліндегі етістіктің кейбір грамматикалық қосымшаларын зерттеу барысында тілдік деректерді саралау жинақтау, жүйелеу, салыстыру, салыстырмалы-тарихи және талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Есімше, көсемше, рай жұрнақтарының дереккөздерден жинақталған тілдік бірліктер құрамындағы қызметі мен қолданысындағы ерекшеліктерін анықтауда зерттеу нысанына қатысты дереккөздерге шолу жасалып, ғылыми көзқарастар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне қарай дәйектелді.

Кілт сөздер: хотон тілі, етістік, есімше, көсемше, рай, грамматикалық қосымша, түрлену жүйесі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Тіл және қоғам ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Тілсіз қоғам болмайтыны сияқты, қоғамсыз тіл де болмайды. Тілдердің қоғамдағы қызметі, қолданысы бірдей сипатта емес. Ғалымдардың болжамынша, қазір әлем халықтары сөйлейтін тілдер саны шамамен 6-7 мыңға жуық. Олардың қатарында жойылып кеткен немесе жойылу алдында тұрған тілдер де бар. Тілдің жойылуына әсер ететін ең маңызды факторлар – сол тілдің иесі, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші этностың сан жағынан азаюы және тілдің бірте-бірте қолданыстан шығуы.

Тіл қарым-қатынас құралы ғана емес. Тіл – салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, мәдениеттің құралы. Халықтың өзін-өзі тануы, тұрмысы мен мәдениеті, дәстүрі мен әдет-ғұрпы тіл арқылы беріледі, тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің осы қызметін ескерсек, белгілі бір ұлттың, этностың даму жолында оның өткен тарихына да назар аудару керек.

Моңғол халқының арасында өзінің шығу тегі, салт-дәстүрі, мәдениетімен ерекшеленетін этникалық топ хотондар деп аталады. Бұл топтың шығу тегі туралы тарихшы, этнограф ғалымдар түрліше деректер келтіреді. Тіпті мұндай мәліметтер хотон этносы өкілдерінің арасында да айтылады.

Ғылыми деректерге сүйенсек, хотондар ертеректе хотон тілін қолданса, қазіргі кезде толығымен қалмақ (ойрат) тілінің диалектісіне көшкен. Кейбір деректерде хотондардың тілінде дербеттер мен баяттардан гөрі ойрат тілінің сипаты сақталғанын атап көрсетеді.

¹ Мақала ҚР ҒЖБМ тағайындаған 2023-2025 жылдарға арналған гуманитарлық саладағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер бағыты бойынша АР19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Моңғолиядағы хотон этнотобы» ғылыми жобасы аясында жазылды. Жоба жетекшісі: профессор Ж.А. Жақыпов.

Сонымен қатар хотон тілін ұйғыр (Б.Я. Владимирцов, А.Н. Самойлович, Н.А. Баскаков) немесе өзбек (Вамбери), қырғыз (Г.Н. Потанин, С.Е. Малов) тілдерінің диалектісі ретінде қарастыратын көзқарастар да бар.

Мақалада хотон тіліндегі етістіктердің есімше, көсемше және рай жұрнақтарының тұлғасы мен қызметі нақты тілдік деректер негізінде сараланады. Зерттеудің теориялық маңыздылығы хотон тілінің түркі тілдері тобындағы орнын айқындаумен сипатталады. Хотон тілі сөздіктерінен жинақталған тілдік деректерді талдау барысында алынған нәтижелер есімше, көсемше және рай жұрнақтарының қалыптасу, даму тарихы мен қазіргі түркі тілдерінің грамматикалық құрылымындағы қолданысы мен қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу АР19675461 «Жоғалып бара жатқан түркі тілдерін пәнаралық тұрғыдан зерттеу: Моңғолиядағы хотон этнотобы» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

КІРІСПЕ

Хотондар моңғол халқының арасындағы шығу тегі, салт-дәстүрі, мәдениетімен қатар тілімен де ерекшеленетін этникалық топтың бірі саналады. Хотон этносының шығу тегі, тарихымен қатар тілі де өз алдына толық зерттеле қоймаған. Хотон тілінің өзі бірде «жоғалып бара жатқан», енді бірде «жоғалған» тіл ретінде сипатталады. Мұндай көзқарастардың қалыптасуына аталған этнос тобының шығуы мен қалыптасу тарихына қатысты деректер ықпал ететіні анық. Сонымен қатар хотон тілін қолданушы этнос өкілдерінің аздығы да әсер етеді.

Түркі тілдері грамматикасы тарихының өзекті мәселелерінің бірі – етістіктің кейбір грамматикалық қосымшаларының қалыптасу тарихы мен қолданысын зерттеу. Осы мәселені шешудің бір жолы хотон тіліндегі етістіктің есімше, көсемше және рай жұрнақтарының сипатын анықтаумен айқындалады.

Зерттеу нысаны – хотон тіліндегі етістіктің кейбір грамматикалық қосымшалары.

Зерттеудің мақсаты – хотон тіліндегі есімше, көсемше және рай жұрнақтарының тұлғасы мен сипатын, ерекшелігін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін мына міндеттердің шешімін табу көзделеді: - хотон тіліне қатысты ғылыми көзқарастарды саралау; - хотон тілінен алынған деректерді басқа түркі тілдерімен салыстыру; - ғылыми көзқарастарды саралау және тілдік деректерді салыстыра зерттеу негізінде хотон тіліндегі етістіктің грамматикалық қосымшаларының жалпы түркі тілдерімен байланысын және ерекшелігін анықтау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Хотон тіліндегі есімше, көсемше, рай жұрнақтарын зерттеу барысында А.Н. Самойлович, Б.Я. Владимирцов, Н.А. Баскаков, С.Е. Малов, Г.Д. Санжеев, Хулнаа Отгон, Б. Санхүү т.б. ғалымдардың хотон этносы мен тілінің қалыптасу тарихы мен дамуына қатысты еңбектеріне шолу жасалып, хотон тіліне қатысты тұжырымдары сараланды. Етістіктің есімше, көсемше, рай жұрнақтарының хотон тіліндегі қолданысы мен қызметін басқа түркі тілдерімен салыстыру мақсатында М. Томанов, А. Ысқақов, Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда, М. Ескееваның зерттеулеріндегі ғылыми тұжырымдар негізге алынды.

Зерттеу материалы ретінде Б.Я. Владимирцовтың «Работы по истории и этнографии монгольских народов» еңбегінде ұсынған хотон тілінің шағын сөздігі мен Г.Н. Потаниннің хотон жазбаларынан алынған есімше, көсемше, рай тұлғалы тілдік бірліктер талданды.

Етістіктің есімше, көсемше, рай жұрнақтарының хотон тіліндегі сипаты мен қолданысын, ерекшеліктерін анықтау тілдік бірліктерді жинақтау, жүйелеу, салыстыру, салыстырмалы-тарихи және талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды.

Зерттеу барысында қолданған әдістер хотон тіліндегі етістіктердің есімше, көсемше және рай қосымшаларының тұлғасы мен қолданысындағы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕР

Хотон халқының тұрмысы мен тілі туралы алғашқы деректер Г.Н. Потанин мен Б.Я. Владимирцовтың зерттеулерінде келтіріледі. Этнограф ғалым Г.Н. Потанин хотондар тұратын жерлерді аралап, жергілікті тұрғындардың тілі және тұрмысымен танысса, академик Б.Я. Владимирцов Моңғолияда дербет тайпасының арасындағы аз ғана хотон тайпасының көршілес тайпалардан этнографиялық жағынан ерекшеленетініне баса назар аударады. Хотон халқының аңыздары мен эпостарын олардың өз аузынан жазып алып, тілдік ерекшеліктерін кеңінен зерттейді. Хотондар тілінде кездесетін 100-ге жуық түркі тілдес бірлікті анықтайды. Б.Я. Владимирцовтың пікірінше, «хотондар түріктерге жатады, олар 200 жыл бойы өздерінің тайпалары мен діндерінен ажырап өмір сүріп жатқанына қарамастан материалдық мәдениет, тіл мен дін саласында бұрынғы мұраларының бір бөлігін сақтап қалған» [1,99].

Академик А.Н. Самойлович Г.Н. Потаниннің хотондардың тілі мен аңыз, нанымдарына қатысты жазбаларын талдау негізінде осы топтың қалыптасуындағы Шығыс Түркістан ұйғырлары мен қырғыздардың басым рөліне назар аударады. Шындығында да, қырық қыздан тараған сарыбаш (сары бағышқа ұқсайды) қырғыздардан шыққан. Хотон руларының ішінде Аджу-Хурман (қырғыздың чекир-саяқ тайпасының құрманқожа бөлігі) және Тога (қырғыздардың оң бұтағы) руы бар. Ғалым хотон тілінде қырғыз элементінің күштілігін осы жағдайлармен байланысты түсіндіреді [2,181].

Зерттеуші Хулнаа Отгон (СКНулнаа Отгон) Моңғолия этнографиясының тарихында хотондардың шығу тегі мен тарихын зерттеу туралы дереккөздер жоқ болса да, қазіргі уақытта бұл мәселеге ғалымдар мен зерттеушілердің үлкен қызығушылық танытып отырғанын айтады [3, 225].

Зерттеу нысанына алынған хотон тілі туралы моңғол, ойрат, тува, хакас, қырғыз, якут, бурят т.б. тілдердің грамматикаларында деректер келтіріледі. Мәселен, Г.Д. Санжеевтің «Сравнительная грамматика монгольских языков» деп аталатын еңбегінде ескі жазулы моңғол тілі дамуының екінші кезеңі, яғни XIV ғасырдың басы мен XVI ғасырдың соңында ұйғыр, соғды, хотан, кучар-қарашар, парсы және басқа да ирандық кірмелердің көп бөлігінің енгенін атап көрсетеді [4,15].

Ғалым С.Е. Малов «Новыми языками являются следующие: азербайджанский, алтайский (иначе: ойротский, телеутский), башкирский, гагаузский (в Бессарабии), казахский, караимский, каракалпакский, киргизский, кумандинский, кумыкский, кыпчакский, ногайский, ойротский, полонецкий, саларский, сартовский (см. узбекский), татарский, телеутский (см. алтайский), турецкий, туркменский, узбекский, уйгурский (новоуйгурский, главным образом в Синьцзяне, Китай), хотонский, чагатайский, чулымский» [5,135] деп, хотон тілін жаңа түркі тілдері тобында қарастырады. Сонымен қатар хотон тілінің ұйғыр, қазақ және басқа да тілдермен бір қатарда қаралуы бұл тілдердің өмірлік және мәдени-саяси маңызы бірдей дегенді білдірмейтінін атап көрсетеді.

Хотон тілі моңғол ғалымы, хотон халқының өкілі Б. Санхүүнің еңбектерінде де қарастырылады. Ғалым хотон тілінде сақталған сөздер мен тұтас сөйлемдерді, сондай-ақ бүгінге дейін хотон тілінде жиі қолданылатын ежелгі түркі, ұйғыр, араб және парсы тілдерінен шыққан сөздерді жинады. Б.Санхүүнің мәліметі бойынша, Батыс Моңғолияның қазіргі

хотондары түркі тектес екі топ – сартулдар мен қырғыздардың аралас түрін құрайды және олардың этногенезіне иран тілді халықтардың да қатысы бар [6,106]. Батыс Моңғолияның хотондары сол жерде 300 жылдан астам өмір сүргеніне қарамастан, қазір ойрат халқы мен жалпы моңғол этносының бір бөлігі бола отырып ана тілін толығымен жоғалтса да, бір кездері түркі диалектілерінің бірінде сөйлегендерін әлі ұмытпаған.

Ғалым Н.А. Баскаковтың пікіріне сүйенсек, хотон тілінде негізінен, қарлұқ (соңы ұйғырдың *г* фрикативтімен келген: *очаг – ошақ*), қырғыз (*төөй - түйе*, қырғызша *төө*, оңтүстік алтай тілінде *тоо; ооз – ауыз*, тәуелдік жалғауының 3-жағы *оозу*, қырғызша *ооз, оозу*; оңтүстік алтай тілінде *оос, оозы*) және түркімен (басқы дыбысы *г: гол – қол*) тілдерінің сипаты сақталған. Ғалымның өз сөзімен дәйектесек: «Язык хотонов носит смешанный характер и имеет некоторые черты новоуйгурского языка (конечный *г: очаг «очаг»* и др.), некоторые черты киргизского языка (*төөй «верблюд», оозу «рот»* и др.), некоторые черты туркменского языка (*гол «рука»*) и пр.» [7,312]. Н.А. Баскаков хотон тілін ұйғыр тілінің бір диалектісі ретінде қарастырады.

Хотон халқының тілін, салт-дәстүрі мен мәдениетін зерттеуші ғалым Б.Я. Владимирцовтың «Хотоны теперь, можно сказать, совсем позабыли свой родной язык и усвоили язык дэрбетов; с большим трудом мне удалось записать около 150 старых хотонских-турецких слов и выражений, причем смысл некоторых из них был для хотонов не вполне понятен. Замечательно, что у них сохранилось слово *јер-суу*. Что отличает теперь хотонов от окружающих монголов – религия. Поскольку это представлялось возможным, я пытался выяснить теперешнее состояние религиозных верований хотонов, записывал молитвы, просил подробно рассказывать об обрядах и т.п.» [1,97] деген пікірін сараласақ, хотондар өзінің ана тілінен қол үзіп, дербеттердің тілін меңгерген, сондықтан аталған этнос өкілдері моңғолдардан тек діні арқылы ғана ерекшеленеді. Ғалым хотондар говорының дербеттердікінен еш айырмашылығы жоқтығына да назар аударады.

Сонымен, Б.Я. Владимирцов хотондарды түріктерге жатқызса, С.Е. Малов хотон тілін жаңа түркі тілдерінің тобында қарастырады. Ал Н.А. Баскаков хотон тілінде, негізінен, қарлұқ, қырғыз және түркімен тілдерінің сипаты сақталғанына назар аударып, хотон тілін жаңа ұйғыр тілінің бір диалектісі ретінде таниды.

Жоғарыда берілген ғылыми пікірлерге назар аударсақ, хотон тілінің қарлұқ, қырғыз, түркімен, моңғол, ұйғыр т.б. тілдермен байланысы аталған тілді грамматикалық құрылысы жағынан да зерттеудің маңыздылығын анықтайды.

Жалпы түркі тіліндегі түбір сөздер, олардың құрылымы мен тарихи даму сипаты [8], түркі жазба ескерткіштері тілі мен қазақ тілінің байланысы [9], көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен сары ұйғыр, қазақ және түрік тілдеріне ортақ қосымшалар [10] ғылыми еңбектерде салыстырмалы-тарихи тұрғыдан кеңінен қарастырылған.

Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады. Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан сонылануымен өзгерістерге ұшырауымен тығыз байланысты [11,204]. Хотон тілі етістіктерінің есімше, көсемше, рай жұрнақтары арқылы түрленуін де осы пікірмен негіздеуге болады.

Хотон тіліндегі етістіктердің есімше, көсемше, рай жұрнақтарының тұлғасы мен қолданысындағы ерекшелігін анықтау үшін Г.Н. Потанин мен Б.Я. Владимирцовтың еңбектерінде берілген сөздіктерден жинақталған тілдік деректер негізге алынады.

Бір алуан жұрнақтар етістік негізіне жалғанып, олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар есімше деп аталатын жаңа категория тудырады [12,299].

Көне түркі тілдерінде есімшелік тұлғалар да сан жағынан әлдеқайда көп. Кейде бірнеше морфологиялық тұлғалар бір қызметте қолданылған. Бұған қарағанда, тілдің даму барысында есімшелік тұлғалардың азаюына бұрын бірнеше формалар арқылы берілетін мағыналық мәнерлердің бір ғана форма айналасына шоғырлануы себеп болса керек. Қазіргі тіліміздегі

кейбір есімше тұлғаларының қызмет аясының өте кең болуы тілдің тарихи дамуы барысында болған осындай процеспен байланысып жатады [13,97].

Хотон тілінде есімше жұрнақтары *-ган/-гян,-кан, -ер/-эр* тұлғасында кездеседі. Мысалы, Г.Н. Потаниннің хотон жазбаларындағы *-ган/-гян,-кан* жұрнақтары:

Яратканын тоуба! Кылганымга тоуба! (Творец мой (?), каюсь! В соделанном мною каюсь!) [1,115].

Алтай Хангай яр элек болгойсынгыс, эрдя эрлягян, сууны суулаган эрь суунын пирляры ярь элек булгай сынгыс. (Алтай-Хангай, будьте помощью и опорой! На земле обитающие, в воде обитающие покровители земли и воды, будьте помощью и опорой!) [1,115-116].

Сонымен қатар *баштаган* [1,117]; *кичиргянда* [1,118]; *эрлягян/ярлаган, янғылган, янзанган* [1,123] тәрізді етістіктерді де бөліп көрсетуге болады. Мұндағы *яраткан* (жаратқан), *кылган* (кылған), *эрлягян/ярлаган, суулаган* (мекендеген), *баштаган* (бастаған), *кичиргян* (кешірген), *янғылган* (жаңылған), *янзанган* етістіктері есімшенің *-кан, -ган, -гян* тұлғасында тұр. Сөздіктерде берілген мәліметтерге жүгінсек: *эрлягян, ярлаган – обитающий на земле.* Глагол *järlä* отмечен Радловым в *алт., телеут., орх. чагат.* \ у *кара-кирг.* *жерда* («Образцы» Радлова, V, с. 1). Владим. *jerlé* [1,123] *янғылган – провинившийся*, причастная форма от основы *јаңыл* [1,123]; *янзанган – согрешивший*, причастная форма от основы *язын* [1,123].

Хотон тілінде есімшенің *-ёр/-эр, -с* тұлғасындағы етістіктер де кездеседі. Мысалы: *курнөре/ курёнбас* [1,119]. Ғалымдар етістіктің болымды-болымсыз тұлғасынан кейін жалғанған есімшенің бұл жұрнақтарының дыбысталуы жағынан қырғыз, қазақ, алтай тілдеріне жақын екендігіне де назар аударады. Сөздікте *-ёр/-эр, -с* есімшелі етістіктер былай сипатталады: *курнөре видимый* в выражении: *курнөре курёнбас* *балякаттан от видимых и невидимых бед* (I молитва); *кэлэр (придет); ...* от глагольной основы *kel*. Обе формы (положительная и отрицательная) причастия настоящего-будущего звучат приблизительно *по-кара-киргизски, по-казак-киргизски* или *по-алтайски* (*корунор – корунбос*) [1,119].

Хотон тіліндегі етістіктің грамматикалық тұлғаларының бірі – *-алы/-элы, -ыб* жұрнақтары.

Мысалы: *алалы, кэлелы, кутлалы, уру алалы, алыб, т.б.*

Сөздікте бұл етістіктердің грамматикалық құрылымы былай түсіндіріледі:

Алалы, алыб – возьмемте, взял, глагольные формы от основы «ал». Деепр. форма на «ыб» – общетурецкая, а форма 1 лица мн. ч. желательного наклонения первого на «а+лы» встречается (по Катанову, Опыт исследования урянхайского языка, с. 649-652) у *таранчинцев, кашгарцев, яркендцев, кара-киргизов, алтайцев* [1,116]

Кэлелы – придемте; формы от глагольной основы *kel* [1,119].

Кутлалы – давайте спасться! – форма 1 лица мн. ч. желательного наклонения первого от глагольной основы *кутул*. Ср. *алалы*. Глагол *кутул* имеется у *таранч., каз.-кирг., кара-кирг.* [1,119].

Уру алалы – своруюем-ка \ Глагол *урла* отмечен Радловым для наречий *бараб.* и *телеут.,* а глагол *урла* — для *алт., лебед., куманд, каз.-кирг.* [1,121].

Келтірілген пікірді негізге алсақ, *алалы, кэлелы, кутлалы, уру алалы* етістіктерінің құрамындағы *а-лы* жұрнағы – қалау райдың 1-жақ көпше түрінің формасы. Ал *алыб* етістігінің құрамындағы *-ыб* – көсемшенің жұрнағы.

Ғалым М. Томановтың пікірінше, көне түркі тілінде, сондай-ақ қазіргі кейбір түркі тілдерінде 1-жақ көпше мән беретін *-алым* қазақ тілінде осы сипатта ұшыраспайды. Тек говорлық ыңғайда соңғы элементін өзгертіп *-алық* түрінде айтылады. Ал шағатай тілі ескерткіштерінде бұл тұлға кейде *-алы* түрінде, яғни соңғы *-м* элементісіз де кездеседі. Қазіргі қазақ тілінің батыс және оңтүстік говорларында да осы сипатта (*-алы*) айтылады. Көне жазбалар тіліндегі *-алым* құрамындағы *-м* жақтық қосымша. Қазақ тілінде жақтық қосымша сақталмай, көптік қосымшамен (*-қ*) және *-й*-мен айтылатын вариант қана (*-айық*) сақталған [10,106]. Мысалы: *ал-айық, бар-айық, жаз-айық* т.б.

Ал түрік тілін зерттеуші ғалымдар қазіргі түрік тілінде қалау райдың орнына бұйрық райдың *-ауим/-еуим, -алим/-елим* жұрнақтары қолданылатынын, қалау райдың төл *-а/-е*

қосымшалары түрік тілінде *Yolun agik ola!* «Сапарың оң болғай!», *Agagtan ata binesin* – «Ағаштан атқа мінгейсің» тәрізді тілек мәнді «сіріленген» тіркестердегі *ola, binesin* сөздері құрамында сақталып қалғанын айтады. Мұның себебін Коркмаз қалау райдың *-a/-e* жалғауларының бірінші жақтағы позициясының біртіндеп әлсіреуімен, ал көне түркі тілінде бұйрықпен қоса қалау мен тілек мағынасын білдірген бұйрық райдың *-ayim/-eyim, -alim/-elim* жалғауларының қалау-тілек мәнді білдіру қызметінің күшейе түсуімен байланыстырады [11,305].

С.Е. Малов сары ұйғыр тілінде есімше, көсемше тұлғалы етістіктердің жақ бойынша өзгермейтінін, ал жақтың етістіктің алдындағы есімдік арқылы анықталатынын атап көрсетеді. Ғалымның өз сөзімен дәйектесек: «...глагол (причастие или деепричастие) не изменяется по лицам, а лицо узнается по поставленному спереди глагола местоимению» [14,6]. Мысалы: *мен пылты / мен білдім; сен пылты / сен білдің; ол пылты / ол білді; мыс пылты / біз білдік* т.б.

Сондықтан жоғарыда келтірілген *алалы, кәлелы, қутлалы, уру алалы* етістіктерінің үш жақта ешбір жақ қосымшасынсыз қолданылуын басқа да түркі тілдері сияқты, хотон тілінің бір ерекшелігі ретінде қарауға болады. Ал аталған етістіктердің қай жаққа қатыстылығы олардың мәнмәтіндегі қолданысы арқылы анықталады. Мәселен, *алалы, кәлелы, қутлалы, уру алалы* етістіктері қалау райдың 1-жақ көпше түріне қатысты айтылған. Оған аталған етістіктердің жоғарыда келтірілген сипаттамасы негіз бола алады.

Хотон тіліндегі етістіктің тағы бір грамматикалық қосымшасы – *-гайсынғыс* құранды жұрнағы. Мысалы: *булгайсынғыс, болгайсынғыс*.

Сөздікте *-гайсынғыс* тұлғасы *бол, бул* түбір етістігіне жалғанған қалау райдың 2-жақ көпше түрінің көрсеткіші, ал *-сынғыс* Н.Ф. Катанов бойынша хотондардан алыс османдар (*-сыңыз*) мен башқұрттардан басқа барлық түркі тілдері үшін ерекше «предикативті префикс», В.В. Радлов бойынша (*-сыңыз*) шығыс-түрік диалектісі ретінде анықталады [1,117].

Мысалы: *Алтай Хангай яр элек болгойсынғыс, эрдя эрляган, сууны суулаган эрь суунын пирляры ярь элек булгай сынғыс*. (Алтай-Хангай, будьте помощью и опорой! На земле обитающие, в воде обитающие покровители земли и воды, будьте помощью и опорой!) [1,115-116].

Қазақ тілінде *-гай+еді* күрделі форманты арқылы сөйлеушінің басқа субъектінің белгілі бір амалды жүзеге асыруын я орындауын қалайтыны беріледі. Мысалы: *баргай еді, жазгай еді, келгей еді* т.б.

А. Ысқақовтың еңбегінде бұйрық райдың 1-жақ *-айын* тұлғасының әуелгі *-гаймын (баргаймын, баргайым)* формасынан туып қалыптасқаны айтылады [12,318-319].

М. Томанов қазақ тілінде *-гай* тұлғасының жіктелуі арқылы да қалау райдың жасалатынын атап көрсетеді. *-гай* тұлғасының ежелгі қолданысы – шақ мәнін беру. Орхон-Енисей жазбаларында сирек, бірақ қалау, тілек мәнінде келер шақ жасайтын тұлға ретінде қолданылған [13,107]. Қазір бұл тұлғаның шақтық мағынасы көмескіленіп, қалау, тілек мәні негізгі мағынаға айналған.

Хотон тіліндегі етістіктің келесі бір қосымшасы – шартты райдың жұрнағы. Мысалы, *чикса*. Сөздікте «**чикса** – *если выйдет*, форма 3 лица ед. ч. условного наклонения от основы *чык*» деп етістіктің құрамындағы *-са* жұрнағын шартты райдың қосымшасы ретінде сипаттайды [1,122].

Сонымен қатар С.Е. Маловтың еңбегінде «У хотонцев родительный падеж (сокращенный) *-ны,-ні* (как у узбеков). «**сууны** – воду», «**балларні** - детей»; **болла**<болды; у меня же; **болло** (условн. накл. < чаг. **болса**), **öllö** (условн.; чаг. «**ölcä** – если умрет); «**аштах** – хлеб на корню» (**аштых**), «**касса**» (<**калса**)» [15, 5] деп, хотон тіліндегі кейбір грамматикалық қосымшаларға, оның ішінде зерттеу нысанына алынып отырған шартты рай жұрнақтарына да мысал келтіреді. Ғалымның келтірген мысалдарында шартты райдың *-ло,- lö, -са* тұлғасындағы **болло, öllö, касса** етістіктері шағатай тілімен салыстырыла талданған. Берілген мысалдардан хотон тілінде етістіктің шартты рай жұрнақтары *-са, -се, -ло,- lö* тұлғаларында қолданылғандығы байқалады.

Шартты райдың *-ca, -ce* тұлғасы V-VIII ғасыр ескерткіштерінде (Орхон-Енисей жазбаларында) *-sar, -ser* түрінде ұшырасады: *ол йергеру барсар, түрк будун, өлтөчисен. ...* Көне түркілік *-sar* аффиксі кейінгі дәуірлерге қатысты жазбалар тілінде соңғы *-p*-сіз кездеседі. Бұған қарағанда, шартты рай тұлғасына жақ жалғауларының қосылуы оның құрамынан *-p* элементі түсіп қалғаннан кейін ғана болса керек. Көне түркілік *-sar* аффиксінің *-p* элементі түсіп қалу кезеңін дәл айту, әрине, қиын [13, 108]. Ғалым С.Е. Малов *-ca* тұлғасын қалау рай, *-sar* тұлғасын шартты рай деп түсіндіреді. *-ca* тұлғасы негізінен шарт мәнін бергенімен, контекстік қолданылуына қарай қалау мәні де туғызады.

Хотон тілінде шарт мәні *-ca, -ce, -lo, -lö* тұлғалары арқылы беріледі.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу барысында Г.Н. Потанин мен Б.А. Владимирцовтың еңбектерінде берілген сөздіктерден хотон тіліндегі есімше, көсемше және рай тұлғалы етістіктер жинақталып, ғылыми пікірлер негізінде сараланды. Хотон тіліндегі есімше, көсемше және рай жұрнақтарының сипаты мен қызметі, етістікке жалғану реті қазақ тіліндегі осы тұлғалас етістіктермен салыстырыла талданды (1-кесте).

1-кесте. Хотон тіліндегі есімше, көсемше, рай тұлғалы етістіктердің қазақ тіліндегі баламасы

Хотон тілі	Қазақ тілі	Хотон тілі	Қазақ тілі
<i>ал-алы</i>	<i>ал-айық</i>	<i>қур-ён-ба-с</i>	<i>көр-ін-бе-с</i>
<i>ал-ыб</i>	<i>ал-ып</i>	<i>қутл-алы</i>	<i>құтыл-айық</i>
<i>башта-ган</i>	<i>баста-ган</i>	<i>кыл-ган</i>	<i>қыл-ган</i>
<i>бол-ла</i>	<i>бол-ды</i>	<i>өл-lö</i>	<i>өл-се</i>
<i>бол-ло</i>	<i>бол-са</i>	<i>суула-ган</i>	<i>мекенде-ген</i>
<i>бул-гай-сынғыс, болгайсынғыс</i>	<i>бол-гай-сыңыз</i>	<i>уру алалы</i>	<i>ұрла-п ал-айық</i>
<i>кас-са</i>	<i>кал-са</i>	<i>чик-са</i>	<i>шық-са</i>
<i>кэл-елы</i>	<i>кел-ейік</i>	<i>эрля-гян</i>	<i>мекенде-ген</i>
<i>кэл-эр</i>	<i>кел-ер</i>	<i>янғыл-ган</i>	<i>жаңыл-ган</i>
<i>қур-нё-ре</i>	<i>көр-ін-ер</i>	<i>янзан-ган</i>	<i>күнә жаса-ган</i>
<i>Ескерту! Ярат-қан сөзі есім сөз ретінде қолданылған.</i>			

Салыстыру нәтижесінде хотон тіліндегі етістіктің есімше және рай жұрнақтарының мынандай ерекшеліктері анықталды:

- *-алы, -елы* хотон тілінде қалау райдың жұрнағы ретінде қаралады. Мысалы: *ал-алы, кэл-елы, қутл-алы* т.б.

- есімше жұрнақтарының (*-ган, -кан, -ер, -с*) *-эр, -гян-ёр* дыбыстық нұсқалары да кездеседі.

- кейбір еңбектерде *-ca* тұлғасымен қатар *-ло, -lö* жұрнақтары да шартты райдың қосымшалары ретінде қаралады.

- есімше, көсемше тұлғалы етістіктер жақ бойынша түрленбейді, жақтық мағына етістіктің алдындағы есімдіктер арқылы анықталады.

Сонымен жинақталған тілдік деректерді талдау барысында алынған нәтижелер бойынша мынандай тұжырым жасауға болады: - хотон тілінде етістіктер *-ган/-гян, -кан, -ер/-эр, -с* есімше; *-ыб* көсемше; *-алы/-элы, -гайсынғыс, -ло, -lö, -ca* рай жұрнақтарымен түрленеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл қоғаммен байланысты. Тіл бар жерде тілдің өмір сүруінің жалпы заңдылықтары да болады. Ол заңдылықтар әр тілде түрліше көрініс табады. Сондықтан тіл тарихы мәселесінде белгілі бір тілдік құбылыстар мен заңдылықтардың сол тілдегі көрінісі мен сипатын, ерекшеліктерін анықтауға баса мән беріледі.

Тілдің грамматикалық құрылысы сол тілдің даму үдерісінде қалыптасып, тұрақтанған грамматикалық ережелер мен заңдылықтар негізінде жүйеленіп, айқындалады.

Хотон тіліндегі етістіктің зерттеу нысанына алынған грамматикалық қосымшаларын талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдар, анықталған ерекшеліктер хотон тілінің түркі тілдерімен жақындығын генеалогиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар типологиялық, яғни құрылымдық жағынан сәйкес белгілері бойынша да анықтауға мүмкіндік береді.

Хотон тіліндегі етістіктің есімше, көсемше, рай тұлғаларын зерттеу хотон этносы тілінің түркі тілдер тобындағы орнын нақтылап, басқа түркі тілдеріне ортақ немесе тек өзіне тән грамматикалық құбылыстары мен заңдылықтарын анықтауға ықпал етеді.

Хотон тілі грамматикалық жағынан ғана емес, дыбыстық және лексикалық тұрғыдан да зерттеуді қажет етеді. Мұндай зерттеулер нәтижесі болашақта шағын ғана хотон этносы тілінің грамматикасын түзуге ықпал етеді. Соның негізінде түркі халықтарының тобында «жойылып бара жатқан» хотон тілінің басқа түркі тілдерімен байланысын, ерекшелігін анықтауға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Владимирцов Б.Я. Монғол халықтарының тарихы мен этнографиясы бойынша жұмыстар. – Мәскеу: «Шығыс әдебиеті», 2002. – 557 б.
- 2 Абрамзон С.М. А.Н. Самойлович – этнограф // Түркология жинағы. – Мәскеу: Ғылым, 1978. –Б. 169-197
- 3 Хулнаа Отгон. Хотон – Убснур аймағының моңғол шағын халқы // ХХІ ғасырдағы ғылым мен инновация: өзекті мәселелер, жаңалықтар мен жетістіктер // IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция мақалаларының жинағы. 3 бөлім, 1-бөлім. – Пенза: «Ғылым және ағарту» ХҒБЮ, 2017. 310 б. – Б. 225-228.
- 4 Санжеев Г.Д. Монғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. 1 том. – Мәскеу: КСРО ҒА, 1953.
- 5 Малов С.Е. Ежелгі және жаңа түркі тілдері // КСРО ҒА жаңалықтары. Тіл және әдебиет бөлімі. -Т. XI. Шығ.2. - М., 1952. -Б. 135-143.
- 6 Донгак А.С. Батыс Моңғолия хотондарының дәстүрлі рәсіміндегі қайтыс болған ата-бабаларға табыну // Тәңіршілдік және Еуразия халықтарының эпикалық мұрасы: шығу тегі және қазіргі заман: VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Бішкек, 2019. –Б. 105-108.
- 7 Баскаков Н.А. Түркі тілдерін оқытуға кіріспе. – Мәскеу: Жоғары мектеп, 1969. - 385 б.
- 8 Meirambekova, L., Sagidolda, G., Yeskeeva, M., Syzdykova, G., Yespekova L., Beisenbai, A. The VS structural model of monosyllables in ancient Turkic and Kipchak languages // Man in India. – 2017. Vol.97(2). –P. 217-228. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=29681376>
- 9 Alashbaeva, Z., Yeskeyeva, M.K., Omarov, B.Z., Sharip, A.Z., Otelbay, G.T. Semantic relation of medieval Turkic written monuments and modern Kazakh languages proverbs // Opcion. – 2020. Vol.36(91). –P.734-749. <http://www.scopus.com/inward/record>.
- 10 Sagidolda, G., Yeskeeva, M.K., Abdulyuli, B. Comparative studies of western yugur noun-forming affixes revisited // Bulletin of the KIN of the RAS. – 2016. Vol.26, Is.4, –P. 83-94.
- 11 Түймебаев Ж., Сағидолда Г., Ескеева М. Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы (Фонетика. Морфология). – Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 324 б.
- 12 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 13 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1981. -206 б.
- 14 Малов С.Е. Сары ұйғырлардың тілі. – Алматы, 1957. – 198 б.
- 15 Малов С.Е. Лобнор тілі. – Фрунзе: Қырғыз КРО ҒА баспасы, 1956. -197 б.

Материал 30.07.2024 баспаға түсті

О некоторых грамматических аффиксах глаголов в хотонском языке

Г.О. Сыздыкова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

Проблема изучения истории языка не теряет своей актуальности в процессе развития науки. В этом направлении также имеет значение изучение грамматических форм хотонского языка с точки зрения истории происхождения, развития. В статье рассматривается характер и использование аффиксов причастия, деепричастия и наклонения глагола в хотонском языке.

Теоретической основой о формировании и развитии указанных грамматических форм в хотонском языке, взятой на объект исследования, являются научные выводы ученых А.Н. Самойловича, Э. Тенишева, Н. А.Баскакова, С. Е. Малова, Х. Отгон, Г.Д. Санджеева, А. Д. Донгак, М. Томанова, А. Искакова и др.

А основой для данных анализа послужил языковой материал, собранный из словарей, представленных в работах Г. Н.Потанина и Б. Я. Владимирцова.

При исследовании некоторых грамматических форм глаголов в малом хотонском этносе дифференциация языковых данных осуществлялась с помощью методов обобщения, систематизации, сравнения, сравнительно-исторического и аналитического анализа. При определении особенностей функционирования и употребления аффиксов причастия, деепричастия и наклонения в составе языковых единиц, собранных из источников, был проведен обзор источников, связанных с объектом исследования, аргументированы научные подходы в зависимости от цели и задач исследования.

Ключевые слова: хотонский язык, глагол, причастие, деепричастие, наклонения, грамматический аффикс, система преобразования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Владимирцов Б.Я. Работы по истории и этнографии монгольских народов. – Москва: «Восточная литература», 2002. – 557 с.
- 2 Абрамзон С.М. А.Н. Самойлович – этнограф. Тюркологический сборник. Москва: Наука, 1978. –С. 169-197
- 3 Хулнаа Отгон. Монгольская малая народность Убснурского аймака – хотон // Наука и инновация в XXI веке: Актуальные вопросы, открытия и достижения //Сборник статей IV международной научно-практической конференции в 3 ч. Часть1. – Пенза: МЦНС «Наука и просвещение», 2017. 310 с. – С. 225-228.
- 4 Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. 1 том. – Москва: АН СССР, 1953.
- 5 Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. -Т. XI. Вып. 2. - М., 1952. -С. 135-143.
- 6 Донгак А.С. Культ умерших предков в традиционной обрядности хотонов Западной Монголии // Тенгрианство и эпическое наследие народов Евразии: истоки и современность: Материалы VII Международной научно-практической конференции. - Бишкек, 2019. –С. 105-108.
- 7 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – 385 с.
- 8 Meirambekova, L., Sagidolda, G., Yeskeeva, M., Syzdykova, G., Yespekova L., Beisenbai, A. The VS structural model of monosyllables in ancient Turkic and Kipchak languages // Man in India. – 2017. Vol.97(2). –P. 217-228. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=29681376>

- 9 Alashbaeva, Z., Yeskeyeva, M.K., Omarov, B.Z., Sharip, A.Z., Otelbay, G.T. Semantic relation of medieval Turkic written monuments and modern Kazakh languages proverbs // *Оpcion*. – 2020. Vol.36(91). –P.734-749. <http://www.scopus.com/inward/record>.
- 10 Sagidolda, G., Yeskeeva, M.K., Abdulyuli, B. Comparative studies of western yugur noun-forming affixes revisited // *Bulletin of the KIN of the RAS*. – 2016. Vol.26, Is.4, –P. 83-94.
- 11 Түймебаев Ж., Сагидолда Г., Ескеева М. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков (Фонетика. Морфология). – Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 324 с.
- 12 Искаков А. Современный казахский язык. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 с.
- 13 Томанов М. Историческая грамматика казахского языка. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 206 с.
- 14 Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. – Алма-Ата, 1957. – 198 с.
- 15 Малов С.Е. Лобнорский язык. – Фрунзе: Издательство АН Киргизской ССР, 1956. –197 с.

Материал поступил в редакцию журнала 30.07.2024

About some grammatical affixes of verbs in the khotan language

G. Syzdykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan

The study of language history remains a crucial area in scientific research. In this regard, it is also essential to investigate the grammatical forms of the Khotan language, particularly from the perspective of their origin and development. This article focuses on the nature and use of participial, adverbial, and verb mood affixes in the Khotan language.

The theoretical foundation for understanding the formation and evolution of these grammatical forms is based on the works of prominent scholars such as A.N. Samoilovich, E. Tenishev, N.A. Baskakov, S.E. Malova, H. Otgon, G.D. Sanjeev, A.D. Dongak, M. Tomanova, A. Iskakova, and others. The linguistic material for this analysis was drawn from dictionaries compiled by G.N. Potanin and B.Ya. Vladimirtsov.

In studying certain grammatical forms of verbs in the small Khotan ethnic group, linguistic data were analyzed using methods of generalization, systematization, comparison, and comparative historical and analytical analysis. To determine the features of participial, adverbial, and mood affixes in the linguistic units collected from various sources, a review of relevant literature was conducted, and scientific approaches were articulated according to the goals and objectives of the study.

Key words: Haughton language, verb, participle, adverbial, moods, grammatical affix, transformation system.

REFERENCES

- 1 Vladimirtsov B.Ya. *Raboty po istorii i etnografiyi mongolskykh narodov* [Works on the history and ethnography of the Mongolian peoples]. (Moscow, 2002). [in Russian]
- 2 Abramzon S.M. A.N. Samoilovich – etnograf [A.N. Samoilovich – ethnographer] // *The Turkological collection*. (Moscow, 1978). [in Russian]
- 3 Hulnaa Otgon. *Mongolskaya malaya narodnost Ubsnurskogo aimaka – hoton* [Mongolian small nation of the Ubsnur aimag – khoton] // *Science and innovation in the 21st century: Topical issues, discoveries and achievements* // Collection of articles of the 4th international scientific and practical conference in 3 Part 1. (Penza, 2017). [in Russian]
- 4 Sanzheev G.D. *Sravnitel'naya grammatika mongolskykh yazykov* [Comparative grammar of the Mongolian languages]. Volume 1. (Moscow, 1953). [in Russian]
- 5 Malov S.E. *Drevnye i novye tyurkskiye yazyky* [Ancient and new Turkic languages] // *Izvestiya AN SSSR. Department of Literature and Language*. -Vol. 1. XI. Issue 2. ((Moscow, 1952). [in Russian]

- 6 Dongak A.S. Kult umerschyh predkov v tradicyonnoi obryadnosti hotonov Zapadnoi Mongolyi [The cult of deceased ancestors in the traditional ritual of the Khotons of Western Mongolia] // Tengrianism and the epic heritage of the peoples of Eurasia: origins and modernity: Materials of the VII International Scientific and Practical Conference. (Bishkek, 2019). [in Russian]
- 7 Baskakov N.A. Vvedeniye v izuchenye tyurkskykh yazykov [Introduction to the study of Turkic languages]. (Moscow, 196). [in Russian]
- 8 Meirambekova, L., Sagidolda, G., Yeskeeva, M., Syzdykova, G., Yespekova L., Beisenbai, A. The VS structural model of monosyllables in ancient Turkic and Kipchak languages // Man in India. – Vol.97(2). –P. 217-228. (2017). [in English] <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=29681376>
- 9 Alashbaeva, Z., Yeskeyeva, M.K., Omarov, B.Z., Sharip, A.Z., Otelbay, G.T. Semantic relation of medieval Turkic written monuments and modern Kazakh languages proverbs // Opcion. –Vol.36(91). –P.734-749. (2020). [in English]. <http://www.scopus.com/inward/record>.
- 10 Sagidolda, G., Yeskeeva, M.K., Abdulyuli, B. Comparative studies of western yugur noun-forming affixes revisited // Bulletin of the KIH of the RAS. - Vol.26, Is.4, –P. 83-94. (2016). [in English]
- 11 Tuimebayev Zh., Sagidolda G., Yeskeeva M. Turki tilderinin salystyrmaly-tarihi grammatikasy (Fonetika. Morfologiya) [Comparative historical grammar of the Turkic languages (Phonetics. Morphology)]. (Almaty, 2017). [in Kazakh]
- 12 Iskakov A. Qazirgi qazaq tili [Modern Kazakh language]. (Almaty, 1991). [in Kazakh]
- 13 Tomanov M. Qazaq tilinin tarihi grammatikasy [Historical grammar of the Kazakh language]. (Almaty, 1981). [in Kazakh]
- 14 Malov S.E. Yazyk zheltyh uigurov [The language of the Yellow Uighurs]. (Alma-Ata, 1957).[in Russian]
- 15 Malov S.E. Lobnorski yazyk [The Lobnor language]. (Frunze, 1956). [in Russian]

Received: 30.07.2024

МРНТИ 81'37, 81'38

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss3pp137-150](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss3pp137-150)

Ж.Г. Темирова¹, А.Д. Жакупова¹

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

ОБРАЗЫ КАЗАХСКОЙ ЛИНГВОКУЛЬТУРЫ В ОБЫДЕННОМ СОЗНАНИИ КАЗАХСТАНЦЕВ (НА МАТЕРИАЛЕ ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ЭКСПЕРИМЕНТА)

В статье представлены результаты психолингвистического эксперимента, направленного на выявление образов казахской лингвокультуры, характерных для обыденного сознания казахстанцев. Исследование проведено на основе анализа реакций 100 респондентов, проживающих в северных и южных областях Казахстана. Эксперимент является частью исследования по изучению образов казахской лингвокультуры, отраженных в транслингвальной русскоязычной литературе Казахстана. Реакции респондентов рассматриваются в качестве реакций потенциальных читателей транслингвальной литературы.

В ходе экспериментального исследования были определены специфика языковой ситуации, характер билингвизма и полилингвизма респондентов; выявлены национальные культуры, оказывающие воздействие на респондентов, влияющие на их мировосприятие, культурные представления, морально-духовные ценности; проанализированы реакции респондентов на образы казахской лингвокультуры, отражающие значимые аспекты казахской национальной картины мира, такие как традиции, семейные ценности, музыка,